



ХҒТАР 71.37.05

<https://doi.org/10.32523/2789-4320-2025-3-397-415>

Мақала түрі – ғылыми

Soft туризм Қазақстан аймақтарындағы дестинациялардың тұрақты даму құралы ретінде

Б.Т. Онаева^{*1}, К.П. Мусина², А.Х. Муканов³

^{1,2,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹baldyrgan81@mail.ru, ²kamshatmussina@mail.ru, ³aidar81hamzauli@mail.ru)

Аңдатпа. Қазақстан елеулі табиғи және мәдени әлеуетке ие бола отырып, туристік аймақтардың тұрақты даму саласында қиындықтарға тап болуда, оның ішіне экожүйелерге және жергілікті қауымдастықтың дәстүрлі өмір салтына теріс әсер етіп келе жатқан жаппай туризмді жатқызуға болады. Атаулы мәселе туристік аймақтардың тұрақты дамуына кедергі келтіріп, дестинация шекарасы ішіндегі туристік ресурстардың тартымдылығын төмендетуде. Отандық туристік дестинациялардың әлемдік тенденцияларға сәйкес тұрақты дамуын қамтамасыз ететін құралдардың бірі – soft туризм.

Мақалада soft туризм тұжырымдамасы отандық дестинациялардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырылған. Авторлар заманауи шарттардағы soft туризмнің негізгі қағидаларына талдау жасап, отандық дестинациялардың дамуында қолдану жолдарын ұсынған. Жұмыста отандық туристік дестинациялардың тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі soft туризмнің ролі эмпирикалық әдістерді қолдану арқылы негізделген.

Зерттеу барысында soft туризм бүгінгі күні дестинациялардың тұрақты дамуының негізгі құралы болып табылады және қазіргі туристер жаппай туризмнен soft туризмге ауысуға мүдделі, қоршаған орта үшін жауапкершілікті атқаруға тырысады деген гипотезалар қарастырылып, статистикалық талдау әдістері арқылы негізделіп, дәлелдер келтірілген.

Зерттеу нәтижесінде авторлар дестинациялардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде soft туризмнің маңыздылығын айқындап, оның экономикалық және әлеуметтік тұрғыда маңыздылығын сипаттаған.

Түйін сөздер: туристік нарық, аймақ, дестинация, soft туризм, қатаң туризм, туристік инфрақұрылым

Received 1.11.2024. Revised 12.02.2025. Accepted 14.06.2025. Available online 30.09.2025

Кіріспе

Соңғы онжылдықта туризм көптеген елдерде экономиканың ең серпінді дамып келе жатқан салаларының біріне айналды. Алайда әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай жаппай туризмнің дамуы территорияның дамуына тек жағымды ғана емес, сонымен қатар дестинация шеңберінде орналасқан табиғи объектілерді тоздырып, экологиялық жағдайын нашарлатып, кері әсерін тигізуде. Осы жағдайда бүгінгі күні жаһандық экологиялық дағдарыстар мен тұрақты дамуға айтарлықтай көңіл бөлу жағдайында soft туризм дәстүрлі жаппай туризмге балама ретінде өзектілікке ие бола бастады.

Туризм нарығында қызмет көрсетуге деген сұраныс пен ұсыныс экономикалық, технологиялық, әлеуметтік-мәдени, саяси және табиғи ортамен тығыз байланысты, яғни туристік өнімнің құндылық тізбегі аумақтың ерекшеліктерінің негізінде қалыптасады. Қоршаған орта факторлары туризмнің дамуына тікелей ықпал етеді, ал туризм қызметтерінің ұйымдастырылу тәртібі мен туристік демалыстарға деген сұранысы жергілікті табиғи және рекреациялық объектілер сипаттарына әртүрлі деңгейде және әртүрлі тарапта әсер етуі мүмкін.

Қазіргі уақытта туристердің белгілі-бір табиғи ортаға сыйымдылығы, көрсететін жүктемесі жергілікті қоғамдастықтарды ғана емес сонымен қоса мемлекеттік және халықаралық ұйымдарды алаңдатууда. Мысалы, БТҰ-дың мәлімдеуінше «... туризм мәдениеттерді жақындастырып, жаңа мүмкіндіктерді қалыптастырып, аймақтың тұрақты дамуының негіздерін қалайды. Алайда, аумақты дамыта отырып, дестинация шекарасында орналасқан табиғи және басқа да ресурстардың тез тозуына әкеліп соғуда» [1]. Осы қиындықтарға жауап ретінде бүгінгі күні «soft туризм» туристік аумақта орналасқан табиғи байлықтарға аз мөлшерде зиян келтіретін, дестинацияның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына жағымды әсер ететін, сонымен қатар, аймақтың тұрақты туристік тартымдылығын қамтамасыз ететін туристік нарықтың дамуындағы маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылуда [2]. Яғни кейбір Халықаралық ұйымдардың сарапшылары мен туризм саласында зерттеу жұмыстарымен айналасатын ғалымдардың [3, 4, 5] пайымдауынша жақын арада soft туризм инфрақұрылымын қалыптастыру көптеген елдер үшін әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзекті сұрақтардың қатарына кіреді.

Бірегей табиғи ресурстарды, бай мәдени мұраны және елдің тұрақты дамуға ұмтылысын ескере отырып, soft туризм Қазақстан үшін өзекті бола түсуде. Жаһандық климаттың өзгеруі, экологиялық проблемалардың көбеюі және табиғи көрікті жерлерді қорғау қажеттілігі жағдайында soft туризм бір мезгілде туристік саланы дамытуға және табиғи байлықтарды сақтауға мүмкіндік беретін шешімді ұсынады. Әртүрлі ландшафтары бар Қазақстан – жазық далалы жерлерден тау жоталарына дейін – қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтатын және жергілікті қауымдастықтарды экономикалық қолдауға ықпал ететін, туризмді дамытуға бағытталған қолайлы тәсілге мұқтаж.

Атаулы зерттеудің негізгі мақсаты еліміздегі туристік тартымдылыққа ие аймақтардағы туристік инфрақұрылымның сипаттарын қарастыра отырып, қатаң туризмнен soft туризм қағидаларына ауысу жолдарын қарастыру. Осы тарапта зерттеу барысында келесі негізгі гипотезалар қойылды: «soft туризм» экологиялық туризмнің маңызды

құрамдас бөлігі бола отырып, аймақтың ресурстық, әлеуметтік-мәдени әлеуетіне тәуелді және негізгі қағидалары аймақтың ерекшеліктеріне сай қалыптасады; жергілікті қауымдастықтар мен тұрғындардың жауапты туристік демалыстың ұйымдастырылуына белсене араласуы дестинация шеңберіндегі инфрақұрылымның «soft туризмге» бейімделуіндегі негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Зерттеу объектісі ретінде еліміздің туристік қызмет көрсетудегі маңыздылыққа ие аймақтары алынды. Оның ішінде Алматы тау кластері, Маңғыстау, Щучье-Бурабай және тағы басқа курорттық аймақтарға ерекше назар бөлінді.

Әдеби шолу

Тұрақтылық бұл туристік территорияның дамуындағы басты сұрақ болып табылады, сондықтан келуші – туристер баратын жерде тұрақты ететіндей белгіленген шектеулердің болуы маңызды. Атаулы шектеулер экология мен экономика арасындағы балансты қамтамасыз етіп, табиғи ресурстарды туристік мақсатта тұтыну мен оның ерекше қасиеттерін сақтап қалу үйлесімділігін қалыптастыру тиіс. Сол жағдайда ғана турист белгілі бір дестинацияны «сезім орны» (қайтып келгісі келетін, жағымды психоэмоционалды әсерлер қалыптастыратын территория) ретінде қабылдай бастайды.

Soft туризмді дамыту контекстінде айтмақтық туристік инфрақұрылымның трансформациясын зерттеу шеңберінде тұрақты туризм, туристік инфрақұрылым, сондай-ақ аймақтық туризмге экологиялық және мәдени әсер ету мәселелеріне арналған ғылыми басылымдардың айтарлықтай саны баршылық.

«Soft туризм» (soft tourism) термині қазіргі кезде экологиялық туризмнің бір түрі ретінде қарастырылады және табиғат аясында демалу мен қатар қоршаған орта үшін жауапкершілікті атқару мәселелерін қозғайды. Алғашқы болып бұл терминді 1980 жылдары Р. Юнгк ғылыми тұрғыдан сипаттап, жаппай туризмнің кері әсерін төмендетуге әкелетін бағыттардың бірі ретінде қарастырған [6].

Батыс әдебиеттерінде «экологиялық туризм» ұғымы сирек қолданылады, оның орнына индустриалды туризмге балама ретінде «soft туризм» немесе «экологиялық және әлеуметтік жауапты туризм» кең таралған. Й. Криппендорфтың пікіріне сүйенсек «... туризм қонақжайлылықтың коммерцияландыруына әкелді. Туризмнің экономикалық жүйесін «ландшафты жоюшы» ұғымына сәйкестендіруге болады. Сондықтан атаулы саланың дамуы жаңа территориялардың игерілуіне қажеттілік танытады, ол өз кезегінде көп ұзамай жергілікті табиғи ресурстардың тозуы мен тартымдылығының жоғалуына әкеліп соғады» [7]. Осы себептен еуропалық ғалымдар жаппай туризмнің теріс әсерлерін төмендету мақсатында «soft туризм» ұғымын ұсына отырып, оны туристік территорияның тұрақты дамытудағы негізгі құрал ретінде сипаттаған. Бұл тараптан soft туризм ұғымының дефинициясы «жергілікті тұрғындардың мүдделерін ескере отырып, ландшафтпен тікелей байланыста болатын, сондай-ақ қоршаған орта мен демалушылардың талаптарына сай келетін нысандарында көптеген адамдарға физикалық және рухани демалысты ұзақ мерзім бойы қамтамасыз ету» [6, 7] ретінде түсіндіріледі.

Soft туризм барлық туристік маңыздылығы бар территорияларда қалыптаспайды. Бұл туризмнің негізгі қағидаларының бірі – туристік демалысты ұйымдастыру мен жүзеге

асыру барысында қоршаған ортаның ерекше қасиеттерін сақтап қалу. Осы себептен Хасслахер П. [8] soft туризмді төрт өзара байланысты стратегиялық компоненттермен сипаттайды: техникалық үдерістерге және объектілерге тәуелділігі төмен туризм, аймақтың өзіндік дамуы, әлеуметтік жауапкершілік, мәдени жауапкершілік. Яғни soft туризм қарқынды түрде интенсивті тұрғыда игерілмеген, техникалық құралдар белсене түрде қолданылмайтын туристік территорияларда дамиды. Құрылымы жағынан ұқсас, алайда мазмұны жағынан сәл өзгеше soft туризмнің анықтамасын Рохлитц Қ.Х. ұсынып, бұл ұғымды былайша түсіндіреді: «... интеграциялық үдерістердің алшақ болу арқасында жергілікті тұрғындарға экономикалық пайда әкелетін және қонақтар мен жергілікті тұрғындар арасында түсіністікті қалыптастыратын, сонымен қатар ландшафтқа, әлеуметтік-мәдени ортаға зиян келтірмейтін сандық тұрғыда қалыпты туризм түрі» [9]. Осы түсініктеме негізінде автор soft туризмнің бір-бірімен тығыз байланыстағы төрт негізгі құраушысын анықтауда: қонақтардың оңтайлы демалысы; интакті ландшафт (зиян келтірілмеген, зақымдалмаған), интакті әлеуметтік және мәдени орта (өзінің мәдени ерекшеліктерін толық сақтап қалған), туристік қызметтен пайда.

Soft туризмнің даму мәселелері Қоршаған орта және даму жөніндегі дүниежүзілік комиссия (WCED) тарапынан да қарастырылған болатын. Мысалы, «Біздің ортақ болашағымыз» атты Брунтланд есебінде [10] soft туризмнің маңызды аспектісі оның тұрақты дамумен тікелей байланысы бар деп қарастырды, сондай-ақ ол тұрақты дамудың жаһандық өлшемдерін және оның әлеуметтік, экономикалық процестерге, соның ішінде туризмге тигізер әсерін зерттеді (сурет 1). Яғни, атаулы есепте тұрақты дамуды болашақ ұрпақтың мүмкіндіктеріне нұсқан келтірмей қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру деп анықтады.

Ресей зерттеушілері бұл ұғымды көп жағдайда экологиялық туризм тұрғысынан қарастырады. Мысалы, Петрухина Е.В., Дубина Е.В., Ивлев О.Ю. [11] оны ауылдық және шалғай аймақтардың дамуына ықпал ететін фактор ретінде қарастырып, soft туризмнің аймақтық экологиялық және мәдени ресурстарын пайдалану арқылы жергілікті қауымдастықтарды дамытуға, олардың табыстарын арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға қалай ықпал ететініне назар аударған.

Цепилова Е.С. және Родионова Н. [12] «soft туризм» ұғымын экологиялық туризмнің маңызды бір бөлігі деп, оны «жасыл туризмге» сәйкестендіреді. Алайда, бұл жерде бір ерекшелікке мән берген жөн. Жасыл туризм экологиялық таза, жергілікті табиғи объектілер тартымдылығын сақтаған ортада өткізілетін туристік демалысты қарастырады және осы табиғи объектілерге деген турист тарапынан атқарылатын жауапкершілікті сипаттайды. Ал soft туризм дестинация шекарасы ішінде тек табиғи объектілерге ғана емес, сонымен қоса қоршаған ортадағы әлеуметтік, мәдени, тарихи объектілерге де жауапкершілікті атқару мәселелерін қозғайды.

Отандық ғылыми әдебиеттерде бүгінгі күні «soft туризм» ұғымы кеңінен қарастырылмаған. Еліміздің дестинацияларында экологиялық туризмді дамыту сұрақтары бірнеше монографиялық [13, 14] және диссертациялық жұмыстарда [15, 16, 17] қарастырылғанмен «soft туризм» ұғымы нақты сипатталып, мәні ашылмаған.



Сурет 1 Тұрақты дамудың құрамдас бөліктері [10]

Ескерту: АО – адал орта, МО – молшыл орта, ОБЮ – өмір сүруге ыңғайлы орта, ТД – тұрақты даму

Осы еңбек шеңберінде авторлар «soft туризм» ұғымын туристер, жергілікті қауымдастықтар мен қоршаған орта арасында тұрақты өзара әрекеттесуді құруға бағытталған туризм түрі ретінде сипаттауда. Бұл анықтама шеңберінде soft туризм табиғатқа, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени ортаға минималды тұрғыда әсер етіп, ұлттық тарихи мұраның сақталуына ықпал ететін әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік атқарады деген қағидалар ескерілген. Сонымен қатар, soft туризм туристтердің белгілі-бір туристік тұрғыда тартымды жерде ыңғайлы демалу, танымдық қызметті атқару қажеттіліктерін қанағаттандыру ғана емес, сонымен қоса жергілікті қауымдастықтардың мәдени байланыстарын нығайту, дәстүрлерді сақтау, тарихи ескерткіштерді қорғау арқылы аймақтың экономикалық дамуына үлес қосатын қызмет түрі екені қарастырылған.

Зерттеу әдістері

Зерттеу алгоритмі бірнеше маңызды қадамдардан тұрды, оның ішінде маңыздыларына келесілерді жатқызуға болады: гипотезаны анықтау, теориялық талдау және эмпирикалық әдістер арқылы бағалау, гипотезаны растау және қол жеткізілген нәтижелерді негіздеу (сурет 2).

Зерттеудің теориялық бөлімінде soft туризм тақырыбында жарық көрген отандық және шетел авторларының еңбектеріне талдау жасауға негізделді. Осы тарапта аймақ шекарасында қалыптасқан дестинациялардың тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі компоненттер, оның ішінде «soft туризм» ұғымы қарастырылып, жан-жақты сипатталды.



Сурет 2 Зерттеу дизайны

Ескерту: авторлармен жасалған

Теориялық зерттеу әдістерін қолдану барысында индукция тәсілдері негізінде soft туризмді қалыптастырушы жеке элементтер зерттеліп, аймақ деңгейіндегі туризмнің тұрақты дамуының негізгі заңдылықтары қарастырылды. Сонымен қатар зерттеу барысында аксиоматикалық тәсіл негізінде екі негізгі гипотезасы сипатталды: soft туризм бүгінгі күні дестинациялардың тұрақты дамуының негізгі құралы болып табылады; қазіргі туристтер жаппай туризмнен soft туризмге ауысуға мүдделі және қоршаған орта үшін жауапкершілікті атқаруға тырысады.

Атаулы аксиомаларды негіздеу үдерісі талдау және синтез әдістеріне сүйенді. Талдау арқылы зерттеу объектісі құраушы компоненттерге бөлініп, олардың ерекше қасиеттері анықталды, сонымен қатар компоненттер арасындағы байланыстар қарастырылды. Кейін синтездеу арқылы жинақталып, біртұтас жүйе ретінде сипатталып, тұрақты дамуды қалыптастырудағы рөлі нақтыланды.

Ел аймақтарындағы дестинациялардың қызмет етуі арнайы статистикалық тәсілдер арқылы талданды және олардың тұрақты дамуындағы soft туризмнің рөлі салыстырмалы талдау мен басқа да эмпирикалық әдістерге сүйенді.

Нәтижелер мен талқылау

Жергілікті жердегі құнды мұра нысандары бірегей туристік көрікті жерлер болып табылады, сондықтан да болашақ ұрпақ үшін бұл құндылықтарды сақтау амалдарын бүгіннен бастап қарастырған жөн. Табиғи, тарихи, мәдени нысандардың ерекшелігі сақталған территориялар туристтер үшін тартымды дестинациялардың қалыптасуына әкеліп соғады, ал қоршаған ортаға туристік қызмет көрсетуші субъектілер мен

туристердің әсерін минимизациялау шарттарын кеңінен қамтамасыз ету туристік территорияның тұрақты дамуының негізін қалайды. Сол себепті аталған нысан, яғни жұмсақ әсерді қалыптастыру туризмнің даму тұжырымдамасында ғана емес, туристік қызметті ұйымдастыру, жүзеге асыру және жылжыту үрдістерінде толық ескеріліп, басты қағида ретінде қарастырылуы тиіс. Бүгінгі таңда көптеген туристік қызмет көрсетуші шаруашылық субъектілер максималды пайда табу мақсатында туристерді ерекше табиғи орталарға апарып келумен ғана айналысады. Ал қоршаған ортаға туристердің әсерін қарастыру, оны төмендету жолдарын анықтап, жүзеге асыру, келушілерде жауапты демалыс сезімі мен мінез құлықты қалыптастыру екінші қатарлы сұрақтар ретінде қабылданады. Сол себепті еліміздің көптеген дестинациялардың қазіргі кезде ластануы, тартымдылығы төмендеу мәселелері көбейіп бара жатыр.

Soft туризмнің басты мақсаты туристер мен қоршаған ортаның өзара үйлесімді әрекеттесуін құру болып табылады. Бұл тәсіл табиғатты құрметтеуге, ресурстарды минималды пайдалануға және жергілікті қауымдастықтарды қолдауға бағытталған.

Soft туризмнің маңыздылығы бірнеше басты ерекшеліктерді қамтиды:

– экологиялық тұрақтылық: туристер биологиялық әртүрлілікті сақтай отырып, табиғатқа әсерін барынша азайтып, із қалдырмауға тырысады. Soft туризмнің негізгі мақсаттарының бірі табиғи ресурстар мен экожүйелерді сақтау болып табылады. Көбінесе қоршаған ортаның ластануына әкелетін жаппай туризмнен айырмашылығы, soft туризм экологиялық тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Бұл ерекше табиғи ландшафты және бай флора мен фаунасы бар елдер үшін өте маңызды. Мысалы, Қазақстанда туристердің бақылаусыз ағынынан зардап шегуі мүмкін Алтын-Емел, Шарын шатқалы және Баянауыл, т.б. көптеген ұлттық саябақтар, қорықтар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар.


Ресми ақпараттық көздерде орналасқан статистикалық мәліметтерге сүйенсек елімізде бүгінгі күні 18-ден астам курорттық орталықтар қызмет атқарады және 2024 жылы осы аймақтарда орналасқан қонақ үйлермен 4,4 млн адамға қызмет көрсетілген. Курорттық орталықтардың құрылымында келушілерге қызмет көрсету бойынша маңызды үлес Алматы тау кластеріне (61,9%), Маңғыстау (9,4%), Щучье-Бурабай (7,9%) және Алакөл (5,5%) курорттық аймақтарына тиесілі. Дәл осы туристік дестинациялар бүгінгі күні еліміздегі 84,7% туристік ағынын өзіне қарай қаратып отыр және туристік сұранысы жоғары маусымда территорияға қатты жүктеме түсуде. Демек, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету сұрақтары отандық дестинациялар үшін өте маңызды өзектілікке ие болуда;

– мәдени құрмет: маңызды бөлігі жергілікті қауымдастықтардың дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын және мәдени ерекшеліктерін құрметтеу саналады. Soft туризмнің маңызды аспектісі – мәдени мұраны сақтау. Қазіргі әлемде жаппай туризмнің әсерінен көптеген бірегей мәдени дәстүрлер мен ескерткіштерге қауіп төніп тұр. Туристер көбінесе жергілікті әдет-ғұрыпқа немқұрайлы қарайды, бұл дәстүрлердің жоғалуына және мәдени орындардың деградациясына әкеледі. Soft туризм мәдени құндылықтарға деген құрметті және саналы көзқарасты қалыптастырады. Туристер жергілікті халықтың салт-дәстүрін, тілін және өмір салтын білу арқылы жергілікті мәдениетке енуге ұмтылады. Бұл тарихи ескерткіштер, ұлттық салт-дәстүрлер мен қолөнер сияқты мәдени нысандардың түпнұсқалығын сақтауға жағдай жасайды.

Кесте 1. 2020-2024 жылдар аралығында курорттық аймақтардағы орналастыру орындары мен қызмет көрсеткен келушілер саны (адам)

	Жылдар					2020 / 2024 (%)
	2020	2021	2022	2023	2024	
Курорттық аймақтар бойынша	1 683 046	2 632 925	3 568 378	3 879 712	4 372 566	259,8
Щучье-Бурабай курорттық аймағы	119 929	183 110	282 154	305 465	346 761	289,1
Алматы курорттық аймағы*	35 367	76 990	81 992	73 055	81 590	230,7
Баянауыл курорттық аймағы	8 053	35 436	73 835	67 841	63 610	789,9
Қарқаралы курорттық аймағы	16 209	18 499	23 627	10 382	10 587	65,3
Маңғыстау курорттық аймағы	144 145	273 177	281 844	356 210	408 899	283,7
Сарыағаш курорттық аймағы	7 407	12 709	16 997	23 029	30 770	415,4
Қостанай курорттық аймағы	1 848	4 664	6 900	5 666	7 211	390,2
Алтай курорттық аймағы	58 204	49 191	85 016	69 146	84 225	144,7
Зеренді курорттық аймағы	10 877	14 172	25 695	37 191	27 799	255,6
Балқаш курорттық аймағы	39 554	63 945	80 253	106 042	135 166	341,7
Бұқтырма курорттық аймағы	37 061	49 407	53 527	51 778	54 154	146,1
Улан курорттық аймағы	11 147	9 897	8 601	10 519	7 980	71,6
Имантау-Шалқар курорттық аймағы	22 911	25 708	20 486	24 532	31 166	136,0
Байқоңыр туристік аймағы*	104	87	161	537	297	285,6
Қатон-Қарағай курорттық аймағы	936	4 123	5 467	8 242	9 849	1052,2
Түркістан туристік аймағы*	32 674	93 731	123 815	120 344	124 614	381,4
Алакөл курорттық аймағы (Абай, ШҚО және Жетісу облыстарын бірге алғанда)	267 757	323 783	343 797	290 713	240 675	89,9
Алматы тау кластері*	868 863	1 394 296	2 054 211	2 319 020	2 707 213	311,6
* - курорттық орталықтар 2020 жылы ғана қалыптасқан						

Сонымен қатар soft туризм этнотуризмнің дамуына ықпал етеді – жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесу мен олардың мәдени ерекшеліктерін зерттеуге негізделген саяхат түрі. Қазақстанда бұл көшпелілер мәдениетімен, дәстүрлі қолөнермен және ұлттық мерекелермен танысу арқылы көрінуі мүмкін. Мысалы, Халықаралық туристік ұйымының (UNWTO) пайымдауынша 2023 жылы әлем бойынша халықаралық тасымалдау саны 1,3 млрд жеткен, халықаралық туризмнен түскен табыс 1,5 трлн, туризмнен түскен экспорттық табыс 1,6 трлн, жалпы әлемдік экономикаға қосқан үлес 3,3 трлн долларға жеткен [19]. Халықаралық туризм құрылымында 12,3% үлесі этнотуризмге және 16,2% гастрономиялық туризмге тиесілі. Осы себептен, 2023 жылы Халықаралық туристік ұйым озық туристік ауылдардың тізімін жариялады [20]. Озық ауылдар тізімін анықтауда маңызды критерий ретінде soft туризмге сай келетін ауыл аймақтарының тұрақты дамуына қосқан үлесі, жергілікті халықтың мәдениетінің сақталуы, ландшафттың қорғалу деңгейі сияқты критерийлер қарастырылды (сурет 3).



Сурет 3 Халықаралық туристік ұйымы мен озық туристік ауылдар тізімін анықтауда қолданылған қағидалар


Ескерту: [19] дереккөзі негізінде құрылды

Бүгінгі күні елімізде де мәдени және тарихи мұраны жылжыту арқылы туризмді дамыту басым бағыт ретінде қарастырылған. Мысалы, 2023 жылғы 28 наурызында №262 Үкімет қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2003-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында [20] этнотуризмді,

агротуризмді, экотуризмді дамыту басты бағыт ретінде көрсетілген. Демек, отандық туризм нарығын әлемде қалыптасып жатқан трендтерге сәйкес дамытуда «soft туризм» қағидалары ескеріліп жатқанын байқауға болады;

– soft туризмнің маңызды аспектілерінің бірі оның жергілікті қауымдастықтардың экономикасына қосқан үлесі болып табылады. Жаппай туризм көбінесе ірі туристік компанияларға ғана пайда әкеледі, ал жергілікті халық қолдаусыз қалады. Soft туризм, керісінше, жергілікті тұрғындар ұсынатын қызметтерді, тауарларды және инфрақұрылымды пайдалануға бағытталған. Мысалы, Қазақстанда soft туризмді ілгерілетуде саяхатшылар шағын қонақ үйлерде түнеп, жергілікті фермерлерден азық-түлік сатып алатын және мәдени іс-шараларға қатысатын ауыл туризмін дамытуға көмектеседі. Бұл жергілікті экономиканы қолдауға ғана емес, дәстүрлі өмір салтын сақтауға мүмкіндік береді.

Жалпы еліміздің курорттық орталықтардағы орналастыру орындарымен 2024 жылы 168,3 млрд теңгеге қызмет көрсетілді. Алдыңғы 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырған бұл көрсеткіш 28,6% жоғарылаған (сурет 4). Көрсетілген қызмет көлемінде курорттардың үлесін қарастырсақ ең жоғары көрсеткіш Алматы тау кластеріне (62,1%), Щучье-Бурабай және Маңғыстау курорттық аймақтарына (14,4% және 10,4% сәйкесінше) тиесілі, ал қалған дестинациялардың үлесі 9-10% аспайды.




Сурет 4 2020-2024 жылдар аралығында курорттық аймақтардағы орналастыру орындары мен көрсетілген қызмет көлемі (млн тенге)

Ескерту: [18] дереккөзі негізінде жасалды

Бүгінгі еліміздің дестинациялары жаппай туризм қағидалары негізінде дамып келе жатқаны байқалады (сурет 5). Мысалы, республикамыздың әр аймағында орналасқан курорттық орталықтарды қарастырсақ, кейбір орталықтар жаппай туризмнен кері әсер алып жатқанын (Щучье-Бурабай, Алакөл, Алматы тау кластері курорттық орталықтары),

ал басқалары туристік әлеуетін толық игере алмай жатқанын (Қарқаралы, Зеренді, Бұқтырма және т.б. курорттық аймақтар) аңғарамыз. Туристік территорияларда қалыптасқан инфрақұрылым жаппай қызмет көрсету үдерісін ұйымдастыруға бағытталған. Яғни, дестинация шекарасында орналасқан ресурстардың ерекше қасиеттерін сақтау, қоршаған орта тазалығын қамтамасыз ету, жергілікті мәдени және әлеуметтік орта құндылықтарын жылжыту мәселелері толық қарастырылмаған. Осыған байланысты көптеген туристік тұрғыда маңызы бар территориялар бүгінгі күні туризмнен кері әсер алуда және қысқа мерзімде өзінің тартымдылығын жоғалтуда. Мысалы, бүгінгі күні елімізде ерекше қорғалатын табиғи аймақтарды дамыту және биоәртүрлілікті сақтау саласында саясат жүргізілмейді. Кейбір экологиялық нормалар қайта қарастыруды талап етеді, әсіресе ерекше табиғи аймақтарда құрылыс жұмыстарын жүргізу мәселелері орын алады. ЮНЕСКО тізіміне ерекше қорғалатын табиғи территорияларды және тарихи-мәдени тұрғыда маңызы бар объектілерді қосу немесе бар тізімді жаңарту бойынша жұмыстар соңғы жылдарда ескерілмей келеді.



Сурет 5 Қазақстан Республикасындағы курорттық аймақтары мен туристік ағыны
Ескерту: [21] дерекөзі негізінде автормен жасалды

Тұрмыстық қалдықтар көлемінің күрт өсуі туристік территориялардың, әсіресе ерекше қорғалатын маңызы бар аумақтардың дамуына негативті тұрғыдан қатты әсер етуде. Бүгінгі күні «Көлсай көлдері», «Алтын Эмель» және тағы ерекше қорғалатын аймақтар бағытында жаппай туризмнің дамуы осы территориялардың тұрмыстық қалдықтармен ластануына әкеліп, бірқатар экологиялық мәселелер тудырып, аймақтың туристік тартымдылығын төмендетуде. Сонымен қатар, аталған аймақтарда туристердің экологиялық тазалықты сақтауға, қоршаған ортаның элементтерін құрметтеуге деген мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған инфрақұрылымның жоқтығы да өзінің әсерін тигізуде.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, қазіргі кезде туристік территорияның ұзақ мерзімде тартымдылығын сақтап қалу мен соның негізінде аймақтың тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды бағыттарының бірі ол «soft туризм» тұжырымдамасына сай қағидаларды ұстану және сәйкес саясатты әзірлеп, жергілікті қоғамдастықтарды белсене араластыру арқылы жүзеге асыру қажеттілігі байқалады.

Soft туризм – бұл қабылдаушы елдің мәдениетін құрметтей отырып және жоғары технологиялық инфрақұрылымға сүйенбейтін табиғатқа жақын қызмет [22]. Сондықтан, екі негізгі бағыт – табиғатқа негізделген қызмет (жаяу серуендеу, велосипед тебу, экотуризм, су және басқа да спорт түрлері) және жергілікті мәдени ресурстарға байланысты қызмет, мысалға мәдени мұраларды барып-көру (жергілікті жердің қолөнер бұйымдары, киім-кешектері, тағамдар, сусындар) немесе материалдық емес құндылықтардан (салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, әндері, билері, ертегі-аңыздары, ас, сусын, қолөнер бұйымдарын дайындау процедуралары) рахат алу. Soft туризмнің ерекше қасиеттерінің бірі қоршаған ортаға демалыс барысында теріс әсер ету деңгейін төмендету және туристік территорияның тартымды ететін сипаттарын сақтап қалу. Осы себептен бұл туризмнің түрін еліміздің дестинацияларының дамуында жүзеге асыру тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі бір жолы. Сонымен қатар отандық дестинацияларды тұрақты дамытуда негізгі құрал ретінде soft туризмді қолдану экотуризм мен жауапты саяхаттарды ұйымдастыру саласында жаһандық трендтер контекстінде маңызды болуда.

Талдау көрсеткендей, бүгінгі күні елімізде soft туризмді аймақтарды дамыту үшін негіз бола алатын айтарлықтай табиғи, мәдени және тарихи ресурстар жеткілікті. Дегенмен, туризмнің бұл түрінің әлеуетін толық іске асыру үшін туристердің де, жергілікті тұрғындардың да қажеттіліктерін ескере отырып, туристік инфрақұрылымды бейімдеу және жақсарту бойынша мақсатты шараларды жүзеге асырған жөн. Мысалы, негізгі шаралардың қатарына дестинациялардың табиғатқа және қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей көліктік қол жетімділікті арттыруды жатқызуға болады. Көптеген әлеуеті жоғары және тартымды ерекше ресурстарға бай дестинациялар қол жетімділігі шектеулі шалғай аймақтарда орналасқан, бұл туристердің осы жерге жетуін және ыңғайлы демалыс өткізуін қиындатады. Заманауи көлік түрлерін қолдана отырып (электр автобустар, электр көліктер, гибридік автокөліктер және т.б.) туристерді тасымалдауды ұйымдастыруды қолға алу керек. Сондай-ақ, дестинация шекарасында турист сұранысының ерекшелігін ескере отырып, көміртегі ізін азайтуға мүмкіндік беретін вело- және жаяу туризм шеңберінде туристік маршруттарды дайындап насихаттау қажет.

Екінші бағыттардың бірі – орналастыру инфрақұрылымын soft туризмге бейімдеу шараларын жүзеге асыру. Мысалы, дестинациялар аймағында қоршаған ортаның ерекшеліктеріне зиян келтірмейтін экоотельдердің, глэмпингтердың ашылуын қолдау қажет. Сонымен қатар қызмет атқарып отырған орналастыру орындарын ресурстарды сақтау менеджмент қағидаларын, күн сәулесі батареяларын, «zero plastic» және қалдықтарды минимизациялау тұжырымдамасын кеңінен қолдануға бағыттау жөн.

Үшінші бағыт – туристік өнімдерді жаппай тұтынуға емес, қоршаған ортамен байланыс орнатуға бағытталған тәжірибені қалыптастыруға бағыттау керек. Мұны интерактивті экскурсиялар, мәдениетке және тарихи маңыздылығы бар оқиғаларға байланысты фестивальдерді немесе басқа да event шараларды, дәстүрлі қолөнер бойынша сабақтарды, ұлттық тағамдарға негізделген гастрономиялық сайыстарды ұйымдастыру мен өткізу арқылы жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, жабайы табиғатты зерттеу, соның ішінде сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктерді тамашалау, олардың құндылығын түсіндіру бойынша туристік бағдарламаларды өткізуге болады. Бұл туристтерде тек танымдық қана емес, сонымен қатар жергілікті ресурстарды құрметтеуге және сақтап қалу бойынша іс-әрекетті атқаруға бағыттайды.

Аймақтағы бар туристік инфрақұрылымды soft туризмге бейімдеуде жергілікті қауымдастықтардың басты рөл атқаратынын аңғарамыз. Олардың белсенді қатысу мен қолдауы осы саладағы жобаларды сәтті жүзеге асырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Жергілікті халық өз мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын жақсы біледі. Олардың қатысуы орындардың түпнұсқалығын сақтауға көмектеседі және туристерге бірегей мәдени тәжірибе ұсынады. Жергілікті тұрғындар өз аймағының табиғи ресурстарын сақтауға тікелей мүдделі. Олардың қатысуы экологиялық тұрақты туристік жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектеседі. Туризмді дамыту жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашады, бұл олардың экономикалық жағдайын жақсартады. Туризм инфрақұрылымының жақсаруына, өмір сүру стандарттарының жоғарылауына және жергілікті қауымдастықтарға шағын бизнестің дамуына әкелуі мүмкін. Отандық дестинацияларда soft туризмді дамытуда жергілікті қауымдастықтарды тарту керек. Ол үшін біріншіден, жергілікті тұрғындар туризмді дамытудың барлық кезеңдерінде жоспарлау мен шешім қабылдау үрдістеріне қатысуы, екіншіден, кооперативтер мен бірлестіктерді құру арқылы жергілікті тұрғындардың туризмді дамытуда бірігіп жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

Отандық дестинацияларының тұрақты дамуында soft туризмді негізгі құрал ретінде пайдалану еліміздің аймақтарында бірнеше жағымды нәтижелердің қалыптасуына әкеледі. Оның ішінде: еліміздің тарихи және мәдени реусурстарын отандық қана емес, сонымен қатар шетелдік туристік аудиторияға жылжытуға мүмкіндік береді, туристік аймақтардың тартымдылығын арттырады; қоршаған ортаның ерекше қасиеттерін ұзақ мерзімде сақтап қалу мүмкіндіктерін қалыптастырады; туризм саласында бизнес үрдістерін жүзеге асыратын субъектілердің туристік ресурстарды коммерциялық тұрғыда пайдалану қағидаларының өзгеруіне әкеледі, туристік орталықтарда жаңа бизнес түрлерінің ашылуын және сәйкесінше қосымша жұмыс орындарының пайда болуын қамтамасыз етеді және т.б.

Қорытынды

Soft туризм – бүкіл әлемде барған сайын қарқын алып келе жатқан тенденция. Оның тартымдылығы қоршаған орта мен жергілікті тұрғындарға қамқорлықпен қарауды үйлестіру мүмкіндігінде жатыр. Бұл туризмнің түрі барған сайын танымал бола түсуде, өйткені көптеген елдер болашақ ұрпақ үшін табиғат пен мәдени мұраны сақтаудың маңыздылығын түсінеді.

Қазақстанда soft туризмді дамыту елдің дестинацияларының тұрақты дамуын қамтамасыз ету жолындағы маңызды құрал болып табылады. Қоршаған ортаға әсерді азайтуға және жергілікті мәдениетті құрметтеуге бағытталған туризмнің бұл түрі табиғи ресурстарды қорғауға және шалғай аймақтардағы экономикалық өсуді қолдауға көмектеседі. Сонымен қатар, soft туризм еліміздің мәдени мұрасын танымал етуге мүмкіндік беріп, жергілікті қауымдастықтарды туризмді дамытуға белсене араласуға бағыттайды. Бұл отандық дестинациялардың дамуындағы өзекті мәселелердің бірі.

Soft туризмді ұлттық тұрақты дамуды қамтамасыз етуді көздейтін шараларда ескеру және бұл туризмді дамытуда Үкімет, бизнес, жергілікті қауымдастықтар, басқа мүдделі тараптардың әрекетін ұштастыру отандық туризм әлеуеттін арттыруға, еліміздің халықаралық туристік нарығында позициясын нығайтуға және кеңейтуге мүмкіндік беретіндігі сөзсіз. Яғни еліміздің туристік орталықтарында soft туризм инфрақұрылымы толыққанды қалыптасқан жағдайда аймақтардың экономикалық, әлеуметтік-мәдени даму тұрақтылығы артып, атаулы дестинациялар отандық қана емес, сонымен қатар шетел туристік аудиториясына тартымдылығы жоғары бағыттардың бірі ретінде қызмет атқара бастайды.

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу soft туризм бүгінгі күні отандық дестинациялардың тұрақты дамуын қамтамасыз ете алатын, сонымен қатар тартымдылығын едәуір жоғарылатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі. Бұл құралға назар аударуды және қолдануды талап етіп отырған туризм саласында әлемдік деңгейде орын алып жатқан тенденциялар баршылық. Егер бұл тенденцияларға бүгін назар аудармасақ, ертең сөзсіз кеш қалатындығымызға және әлемдік туристік нарықта бар орнымызды жоғалтатындығымызға күмән жоқ.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы

Авторларда мүдделер қақтығысы жоқ. Мақала дайындауда зерттеу үдерісі жеке қаражат негізінде жүзеге асырылды. Авторлар зерттеу барысында кеңес берген Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «туризм» кафедрасы ұжымына алғыс білдіреді.

Авторлардың қосқан үлесі

Онаева Б.Т. – ақпарат жинау, тақырып аясында әдебиетке шолу жасау, эмпирикалық әдістер негізінде талдау жүргізу, мәліметтерді жүйелендіру, қорытындылау, мақаланы рәсімдеу, хат-хабар авторы ретінде редакциямен байланыс жүргізу.

Мусина К.П. – статистикалық ақпаратты талдау, мақаланың мазмұнына сыни талдау жүргізу, зерттеу әдіснамасын нақтылау, мақаланың соңғы нұсқасын рәсімдеу.

Муканов А.Х. – әдебиеттік шолу, статистикалық және де басқа сандық мәліметтерді жинастыру және жүйелендіру, мәліметтерді өңдеу, салыстырмалы талдау жүргізу.

Әдебиеттер тізімі

1. The Integration of Biodiversity in National Tourism Policies. – UNWTO, 2024. – 44 p.
2. Angelini A., Giurrandino A. Risorsse culturali, ambientali e turismo sostenibile. – Franco Angeli, 2019. – 149 p.
3. Singh T., Slotkin M.H., Vamosi A.R. Attitude towards ecotourism and environmental advocacy: Profiling the dimensions of sustainability // Journal of Vacation marketing. – 2007. – Vol. 13(2). – P. 119-134, DOI: <https://doi.org/10.1177/1356766707074736>
4. Weaver D.B. Ecotourism as mass tourism: Contradiction or reality? // Cornell hotel and restaurant administration quarterly. – 2001. – Vol. 42(2). – P. 104-112, DOI: <https://doi.org/10.1177/0010880401422>
5. Hussin H. Gastronomy, tourism, and the soft power of Malaysia // Sage Open. – 2018. – Vol. 8(4). – P. 2158244018809211, DOI: <https://doi.org/10.1177/2158244018809211>
6. Kaspar C., Fekete M. A turizmus gazdaság. – Budapest: Turisztikai alapismeretek, 2006. – 146 p.
7. Krippendorf J. Towards new tourism policies: The importance of environmental and sociocultural factors // Tourism management. – 1982. – Vol. 3(3). – P. 135-148, DOI: [https://doi.org/10.1016/0261-5177\(82\)90063-2](https://doi.org/10.1016/0261-5177(82)90063-2)
8. Haßlacher P. Sanfter Tourismus : Theorie und Praxis ; Markierungen für die weitere Diskussion. - Innsbruck: Österr. Alpenverein, Verwaltungsausschuß, 1989. – 214 p.
9. Шахоян К.В. Основные подходы к определению агротуризма // Ученые записки ЕГУ. Геология и география. – 2013. – №3. – С. 31-37.
10. Report of the World Commission on Environment and Development: Our Common Future, 02.07.1987 – [Электрондық ресурc] – URL: <https://digitallibrary.un.org/record/139811?v=pdf#files> (жүгінген күні 10.10.2024).
11. Петрухина Е.В., Дубина Е.В., Ивлев О.Ю. Перспективы внедрения и реализации концепции «мягкого туризма» // Материалы III международной конференции «Интеграция туризма в экономическую систему региона: перспективы и барьеры». – Орел: ОГУ им. И.С. Тургенева, 2021. – С. 292-300.
12. Андрос И.А. Основные предпосылки возникновения и развития экологического туризма // Социологический альманах. - 2017. - №8. – P. 483-493.
13. Iskakova K., Bayandinova S., Aliyeva Z., Aktymbayeva A., Baiburiyev R. Scientific and Methodological Basis of the Ecological Tourism Development: monograph. – Springer, 2021. – 264 p, DOI: https://doi.org/10.1007/978-3-030-77462-2_1
14. Актымбаева А.С., Артѐмев А.М. Развитие экологического туризма на территории Катон-Карагайского государственного национального природного парка: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 210 с.
15. Байбуриев Р.М. Роль экологического туризма в развитии сельских территории: дис... доктора философии (PhD). – Алматы: КазНУ им. аль Фараби, 2023. – 141 с.
16. Алдыбаев Б.Б. Современное состояние эколого-этнографического туризма в Республике Казахстан: дис... доктора философии (PhD). – Алматы: Казахская академия спорта и туризма, 2022. – 174 с.
17. Кулик К.В. Экологический туризм как фактор социально-экономического развития сельских территорий Республики Казахста: дис... доктора философии (PhD). – Алматы: Университет Туран, 2023. – 205 с.

18. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты, 2024 – [Электрондық ресурс] – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (жүгінген күні 12.10.2024).

19. Бүкіләлемдік туристік ұйымның ресми сайты, 19.10.2023 – [Электрондық ресурс] – URL: <https://www.unwto.org/ru> (жүгінген күні 14.10.2024).

20. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, 28.03.2024 – [Электрондық ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (жүгінген күні 14.10.2024).

21. Жаңа облыстарды ескере отырып, Қазақстанның әкімшілік картасы жарияланды, 15.11.2022 – [Электрондық ресурс] – URL: <https://eldala.kz/kz/novosti/kazahstan/12539-opublikovana-administrativnaya-karta-kazahstana-s-uchetom-novyh-oblastey> (жүгінген күні 18.10.2024).

22. Job H., Mayer M., Haßlacher P. Analysing, assessing and safeguarding Alpine open spaces through spatial planning. – BoD–Books on Demand, 2022. – 101 p.

Б.Т. Онаева*, К.П. Мусина, А.Х. Муканов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Soft-туризм как инструмент устойчивого развития дестинации в регионах Казахстана

Аннотация. Казахстан, обладая значительным природным и культурным потенциалом, сталкивается с трудностями в сфере устойчивого развития туристических дестинаций, в том числе из-за массового туризма, который оказывает негативное влияние на экосистему и традиционный образ жизни местных сообществ. Данная проблема препятствует устойчивому развитию туристических дестинаций и снижает привлекательность туристских ресурсов в границах туристской местности. В соответствии с мировыми тенденциями soft- туризм является одним из важных инструментов, способных обеспечить устойчивое развитие отечественных туристических дестинаций.

В статье рассматривается концепция soft-туризма как инструмента, позволяющего обеспечить устойчивое развитие дестинаций в регионах Казахстана. Авторы проанализировали основные принципы soft-туризма в современных условиях и рассмотрели пути их применения в развитии отечественных туристских территорий.

В ходе исследования рассмотрены путем применения методов статистического анализа и обоснованы гипотезы о том, что soft-туризм сегодня является основным средством устойчивого развития дестинаций, а современные туристы заинтересованы в переходе от массового туризма к мягкому туризму и стараются взять на себя ответственность за окружающую среду.

В результате исследования авторы определили важность soft-туризма в обеспечении устойчивого развития дестинаций и отметили его экономическую и социальную значимость.

Ключевые слова: туристский рынок, регион, дестинация, soft-туризм, жесткий туризм, туристская инфраструктура.

B.T. Onayeva*, K.P. Mussina, A.H. Mukanov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Soft tourism as a tool for the sustainable development of destinations
in the regions of Kazakhstan**

Abstract. Kazakhstan, with its significant natural and cultural potential, faces challenges in the sustainable development of its tourist destinations, including the impact of mass tourism, which harms the ecosystem and the traditional way of life of local communities. This problem hinders the sustainable development of tourist destinations and reduces the attractiveness of tourist resources within the boundaries of the tourist area. Following global trends, soft tourism is one of the important tools that can ensure the sustainable development of domestic tourist destinations.

The article examines the concept of soft tourism as a tool that allows for the sustainable development of destinations in the regions of Kazakhstan. The authors analyzed the fundamental principles of soft tourism in contemporary conditions and explored ways to apply them in the development of domestic tourist destinations.

The study examined, using statistical analysis methods, the hypotheses that soft tourism today is the main means of sustainable development of destinations, and modern tourists are interested in the transition from mass tourism to soft tourism, and try to take responsibility for the environment. As a result of the study, the authors identified the importance of soft tourism in ensuring the sustainable development of the destination and noted its economic and social significance.

Keywords: tourism market, region, destination, soft tourism, hard tourism, tourism infrastructure

References

1. The Integration of Biodiversity in National Tourism Policies (UNWTO, 2024, 44 p.).
2. Angelini A., Giurrandino A. Risorse culturali, ambientali e turismo sostenibile [Cultural, environmental resources and sustainable tourism] (Franco Angeli, 2019, 149 p.) [in Italian]
3. Singh T., Slotkin M.H., Vamosi A.R. Attitude towards ecotourism and environmental advocacy: Profiling the dimensions of sustainability // Journal of Vacation marketing, 13(2), 119-134 (2007), DOI: <https://doi.org/10.1177/1356766707074736>
4. Weaver D.B. Ecotourism as mass tourism: Contradiction or reality? // Cornell hotel and restaurant administration quarterly, 42(2), 104-112 (2001), DOI: <https://doi.org/10.1177/0010880401422>
5. Hussin H. Gastronomy, tourism, and the soft power of Malaysia // Sage Open, 8(4), 2158244018809211 (2018), DOI: <https://doi.org/10.1177/2158244018809211>
6. Kaspar C., Fekete M. A turizmus gazdaság [The tourism economy] (Budapest, 2006, 146 p.) [in Hungarian].
7. Krippendorf J. Towards new tourism policies: The importance of environmental and sociocultural factors // Tourism management, 3(3), 135-148 (1982), DOI: [https://doi.org/10.1016/0261-5177\(82\)90063-2](https://doi.org/10.1016/0261-5177(82)90063-2)
8. Haßlacher P. Sanfter Tourismus: Theorie und Praxis; Markierungen für die weitere Diskussion [перевод на англ] (Innsbruck: Österr. Alpenverein, Verwaltungsausschuß, 1989, 214 p.) [in German].

9. Shakhoyan K.V. Osnovnyye podkhody k opredeleniyu agroturizma [Basic approaches to defining agrotourism]. Uchenyye zapiski YEGU Geologiya i geografiya [Scientific Notes of ESU Geology and Geography]. 3, 31-37 (2013) [in Russian].
10. Report of the World Commission on Environment and Development: Our Common Future. Available at: <https://digitallibrary.un.org/record/139811?v=pdf#files> (accessed 10.10.2024)
11. Petrukhina Ye.V., Dubina Ye.V., Ivlev O.YU. Perspektivy vnedreniya i realizatsii kontseptsii «myagkogo turizma» [Prospects for the introduction and implementation of the concept of "soft tourism"]. Materialy III Mezhdunarodnoy konferentsii «Integratsiya turizma v regional'nyuyu ekonomicheskuyu sistemu: perspektivy i bar'yery» [Proceedings of the III International Conference "Integration of Tourism into the Regional Economic System: Prospects and Barriers"] (Orel: OGU im. I.S. Turgeneva, 2021, P. 292-300) [in Russian].
12. Andros I.A. Osnovnyye predposylki vozniknoveniya i razvitiya ekologicheskogo turizma [The main prerequisites for the emergence and development of ecological tourism]. Sotsiologicheskii al'manakh [Sociological almanac]. 8, 483-493 (2017) [in Russian].
13. Iskakova K., Bayandinova S., Aliyeva Z., Aktymbayeva A., Baiburiyev R. Scientific and Methodological Basis of the Ecological Tourism Development: monograph (Springer, 2021, 264 p.). DOI: https://doi.org/10.1007/978-3-030-77462-2_1
14. Aktymbayeva A.S., Artem'yev A.M. Razvitiye ekologicheskogo turizma na territorii Katon-Karagayskogo gosudarstvennogo natsional'nogo prirodnogo parka: monografiya [Development of ecological tourism on the territory of Katon-Karagay State National Nature Park: monograph.] (Almaty: Kazakh University, 2022, 210 p.) [in Russian].
15. Bayburiyev R.M. Rol' ekologicheskogo turizma v razvitiy sel'skikh territoriy: dis. na soiskaniye uchenoy stepeni doktora filosofii (PhD) [The role of ecological tourism in the development of rural areas: dis... Doctor of Philosophy (PhD)] (Almaty: KazNU im. Al'-Farabi, 2023, 141 p.) [in Russian].
16. Aldybayev B.B. Sovremennoye sostoyaniye ekologicheskogo i etnograficheskogo turizma v Respublike Kazakhstan: dis. na soiskaniye uchenoy stepeni doktora filosofii (PhD) [Current state of ecological and ethnographic tourism in the Republic of Kazakhstan: dis... Doctor of Philosophy (PhD)] (Almaty: Kazakhskaya akademiya sporta i turizma, 2022, 174 p.) [in Russian].
17. Kulik K.V. Ekologicheskii turizm kak faktor sotsial'no-ekonomicheskogo razvitiya sel'skikh territoriy Respubliki Kazakhstan: dis. na soiskaniye uchenoy stepeni doktora filosofii (PhD) [Ecological tourism as a factor in the socio-economic development of rural areas of the Republic of Kazakhstan: dis... Doctor of Philosophy (PhD)] (Almaty: Universitet «Turan», 2023, 205 p.) [in Russian].
18. Kazakhstan Respublikfsy Zhosparlau zhәне reformalau agentstígi Últtyk statistikalyk byurosynyn resmi sayty [Strategy of the Republic of Kazakhstan Zhosparlau zane reformalau agentstigi Ulttyk statistical bureau son resmi sites]. Available at: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-tourism/> (accessed 12.10.2024) [in Kazakh].
19. Bukiləlemdik turistic yimynyn resmi saity [World Tourism Organization website]. Available at: <https://www.unwto.org/ru> (accessed 14.10.2024) [in Russian].
20. Kazakhstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2023–2029 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasy [Concept of the development of the tourist industry of the Republic of Kazakhstan for the years 2023-2029]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> (accessed 14.10.2024)

21. Jana oblistardı eskere otyrıp, Qazaqstannyn akimshilik kartası jariyalandı [The administrative map of Kazakhstan, taking into account the new regions, was published]. Available at: <https://eldala.kz/kz/novosti/kazakhstan/12539-opublikovana-administrativnaya-karta-kazahstana-s-uchetom-novyh-oblastey> (accessed 18.10.2024)

22. Job H., Mayer M., Haßlacher P. Analysing, assessing and safeguarding Alpine open spaces through spatial planning (BoD–Books on Demand, 2022, 101 p.).

Авторлар туралы мәлімет:

Онаева Б.Т. – хат-хабар авторы, 1 курс PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Мусина К.П. – э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «туризм» кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Муқанов А.Х. – доктор PhD, «Туризм» кафедрасының доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көш., 2, 010008, Астана, Қазақстан.

Онаева Б.Т. – автор-корреспондент, докторант PhD 1 курса, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.

Мусина К.П. – к.э.н., ассоциированный профессор, доцент кафедры «туризм», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.

Муқанов А.Х. – PhD, и.о. доцента кафедры «Туризм», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.

Onayeva B.T. – the author of correspondence, 1st year PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., 010008, Astana, Kazakhstan.

Mussina K.P. – c.e.s, Associate Professor, Tourism Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., 010008, Astana, Kazakhstan.

Mukanov A.H. – Doctor PhD, acting Associate Professor, Department of Tourism, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev str., 010008, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).